



ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ

Пәннің нысаны, мақсаты.
Ұғымдары мен түсініктері





Дәрістің мақсаты: «Тіл және мәдениетаралық коммуникация» тақырыбының өзектілігін, пәнді оқытудағы басты мақсатты, пәннің негізгі ұғымдарын айқындау. Қазақстандағы лингво-мәдениетанымдық зерттеулер мен мәдениетаралық коммуникация тақырыптарының өзіндік ерекшелігін нақтылау.

Дәрістің басты терминдері: тіл, сөз, коммуникация, мәдениет, мәдени антропология.

Адамдар бір-бірінен елеулі айырмашылықтары бар басқа мәдениет өкілдерімен араласады. Тілдегі, ұлттық тағамдағы, киім киюдегі, әдет ғұрыптағы, атқарылған жұмысқа көзқарастағы айырмашылықтар бұл байланыстарды қиындатып, тіпті мүмкін еместей қылады. Бүгінгі өмір қайшылықтары әртүрлі халықтар мен мәдениеттердің араласуы мен өзара түсінісу проблемасын барынша ыждаһатпен қарауды талап етуде. Аса мәртебелі коммуникация адамзатқа билік жүргізіп, оның өмірін, дамуын, іс-әрекетін, жалпы танымы мен жаратылыстың бір бөлшегі ретінде өзін-өзі тануын басқарып отыр. Адамдар арасындағы қарым-қатынасты зерделеуге және оған не тосқауыл болатынын немесе керісінше не ықпал ететінін түсінуге деген кез келген талпыныс маңызды әрі орынды, себебі қарым-қатынас әрқашан адамзаттың тіршілік етуінің тірегі, негізі.

Қазақ филологиясына, қазақ тілі мен әдебиеті мамандықтарын бітіретіндерге, сондай-ақ болашақ қазақ тілді журналистер мен дипломаттарға, іскерлер мен маркетинг, заңгерлерге бұл пәнді қазақ тілінде өтуің маңызы жоғары болып отыр. Өйткені бұнда өзінің қазақ ұлтының мәдениеті мен менталды ерекшелігін өзге ұлтпен тікелей салыстыра алады және тереңде жатқан коннотаттық, ұлттық мағыналарын түсіндіре алады, өзге ұлттың стереотиптері мен этикет формаларын өзіміздің негізгі мәдениеттің астарында жатқан үлгілерімен салыстырып, оны жаңа белесте көре алады. Сондықтан бұл қазақ тілі мен әдебиеті мамандықтары үшін қажет жаңа пән болып табылады.

Қазақстандық мәдениетаралық коммуникацияның басты сипаты Қазақстанда тұратын ұлттар арасында коммуникация бар және ұлттың өз ішіндегі коммуникациясы және бар екендігінде. Екіншіге қатысты мынадай айтарымыз бар: қазақтың үлкен географиялық кеңістікті алып жатқан жері қазақты үш жүзге бөлді. Үш жүзге бөлінген ел өз ішінде мәдениет, тіл, әдет-ғұрып, коммуникация этикасы, ойлауы, менталитеті жағынан бір-бірінен ерекшелігі болды. Мысалы, профессор Нұрсан Әлімбаевтің айтуы бойынша, «бұл қазақ қауымының ең ірі дәстүрлі саяси территориялық құрылымының атауы – жүз. Өйткені жүздік құрылым Еуразияның ең ортасында көлемі 2 млн 725 мың шақырым жерді алып отырған үлкен кеңістіктегі көшпелі қазақ қауымын жергілікті географиялық ерекшеліктер бойынша мейлінше күрделі сегменттік сипатына сәйкес тармақтарға ұйымдастырып, басқарудың жүйесі ретінде қалыптасты». Сондықтан қазіргідей орталықтанған оқу-білім, ақпарат жүйесі, мәдени, экономикалық жүйе жоқ, яғни әлі орталықтандырылмаған, мемлекеттенбеген кезде қазақ арасында, жүздер арасында айырмашылық болды. Біз қазіргідей батыстан шығысқа көзді ашып жұмғанша ұшып барып, араласып-құраласып, болмаса батыстың қызы шығысқа тұрмысқа шығысқа шығып, болмаса, оңтүстіктің адамы солтүстікке барып жұмыс істеп жатқан қазіргідей заман емес кезде, расымен де ең даланың кеңдігінен қазақтар бірімен-бірі бөтен мәдениеттің өкілі ретінде қарым-қатынас жасағаны анық. Сондықтан біз бұл араласуды мәдениетшілік коммуникация дейміз, яғни қазақ социумының өз ішіндегі елшілік коммуникация немесе жүзаралық коммуникация. Бізде әр рудың өзіне тән әдет-ғұрып, салт-санасы, ойлау жүйесі, шаруашылығын жүргізу механизмі болды. Олар бірінен-бірі үйреніп, басқа ұлтпен араласқандай қатар өмір сүрді. Сөйтіп, бірте-бірте орталықтанғаннан кейін біз бір ел болып қалыптасып кеттік.

Тілді мәдениетпен байланыстыра қараған, тілдік бірліктер беретін мазмұннан ұлттың құндылықтарды іздеген, мақал-мәтел, фразеологизмдерді сол елдің мәдени көрсеткіші, ескерткіші ретінде қараған алдымен академик Әбдуәлі Қайдар болды. Академиктің «Қазақтар ана тілі әлемінде», «Халық даналығы» деген еңбектері АДАМ-ТАБИҒАТ-ӘЛЕМ үштігінде тілдік картинаны кескіндеді. Ғалымның жетекшілігімен қорғалған 30-дан астам кандидаттық, докторлық диссертациялар негізінен қазақ этнолингвистикасына арналды. Бұл қазақтың өз мәдениетін өзіне түсіндіретін, жаңа айтып өткен ұрпақтар арасындағы коммуникацияны жалғайтын зерттеулер. Мәдениетшілік коммуникация нысаны осының ішінде. Одан кейін жазушы, әдебиет-



танушы-ғалым, филология ғылымының докторы, профессор Ақселеу Сейдімбектің 1998 жылы жарық көрген «Қазақ әлемі» этномәдени пайымдауы осы бағыттағы бірегей еңбек. Ал 2007 жылдан жариялана бастаған «Қазақ әдеби тілінің 15 томдық түсіндірме сөздігі» алғашқы лингвомәдени танымдық сөздік. Ал Орталық мемлекеттік музейдің «Қазақтың этнографиялық категориялар мен ұғымдар жүйесі» атты 5 томдық энциклопедиясы бұл бағыттағы әлемде теңдесі жоқ еңбек.

Ал мәдениетаралық коммуникация тақырыбында арнайы зерттеулер енді басталды деп айта аламыз. Бұл – салғастырмалы грамматиканы зерттеушілер қызыққан, сондай-ақ өзге ұлт аудиториясына сабақ беретіндер мен дәріс оқытандар амалсыздан кіріскен бағыт болып отыр. Қазіргі уақытта профессор Зәуреш Қанашқызы Ахметжанова және ғалым қалыптастырған ғылыми мектеп осы тақырыпта зерттеуді күшейтіп, еңбектер жариялады.

Тіл – белгілі бір ұлттың өз ойын жеткізуіне көмектесетін барлық сөздердің жиынтығы, адамзаттың ойлауын дамытатын, тарихи-мәдени дәстүрлерін және т.б. ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін мәдениетті жинақтаушы, сақтаушы құрал.

Сөз – тілдің қолданыстағы формасы, белгілі бір уақыт пен кеңістіктің арасындағы, адамдар арасындағы коммуникацияны жүргізуге пайдаланылатын тілдік қолданыс.

Мәдениет – адамзаттың өндірістік, қоғамдық және рухани өмірінде қол жеткізген жетістіктерінің жиынтығы; ақыл-ой әрекетінің даму деңгейі, дәрежесі; ұлттың, таптың, адамдар тобының құрамдас және қалыптасқан өмір салтының адамзат қоғамының барлық саласындағы және барлық факторындағы (идеялар, наным-сенім, салт-дәстүр) қызметінің нәтижесі.

Мәдени антропология адамды адам ететін және оны өзге тіршілік иелерінен ерекшелеп тұрған адамның мәдени тұрғыдан қалыптасуының бірыңғай процесін зерттейтін ғылым.

Коммуникация – тілді пайдалана отырып, сөз арқылы жеткізген және ең бастысы өзінің тыңдаушысы мен оқушысына түсінілген екі жақты мазмұн.

Өз бетінше орындайтын тапсырмалар

1. Ұлты өзге жолдас, аралас болып жүрген адамыңыздың Сізден ерекшелігін жазып көріңіз.
2. Екеуара қарым-қатынас жасағанда көбіне қайсыңыздың мәдениетіңіз басым жататынына назар аударыңыз.
3. Не себептен олай болатынын ойланыңыз.
4. Қазақстанның басқа өңірінен келген танысыңыздың өзін ұстауындағы өзгешелігінің көңіліңізге жаққан немесе жақпаған кезін еске алыңыз. Себебін анықтап көріңіз.

Бақылау сұрақтары

1. «Тіл және мәдениетаралық коммуникация» тақырыбының Қазақстан жағдайындағы өзектілігі неде?
2. Пәнді «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақ филологиясы» және өзге мамандықтардың қазақ топтарына оқытудағы ұстанатын басты принцип қандай болуы керек?
3. Тіл, коммуникация, мәдениет, сөз ұғымдарының арасын қалай ажыратар едіңіз?
4. Қазақстандағы лингвомәдени танымдық зерттеулер қашан, қандай зерттеулер арқылы басталды?

Дәріс тақырыбы бойынша қосымша ресурстар

1. Тер-Минасова С.Г., Тіл және мәдениетаралық коммуникация. Астана, 2018 г.
2. Верещагин Е.М., Костомаров В.Г., Язык и культура. Москва: МГУ.
3. Қайдар Ә., Қазақтар ана тілі әлемінде. I том. А: Дайк-Пресс, 2009. – 784 б.
4. Ахметжанова З., Лингвокультурология: теория и практика. А: Елтаным, 2017–144 б.



5. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. А: 2014. 5-том.
6. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. А., 2007–2011. 15-том.
7. Шаймердинова Н.Ж., Авакова Р.А., Язык и этнос. Алматы: «Қазақ университеті», 2004. с. 188–220.
8. Куликова Л.В., Межкультурная коммуникация: теоретические и прикладные аспекты (на материале русской и немецкой лингвокультур). Красноярск, 2004. – с.16.
9. Воробьев В.В., Лингвокультурология. Теория и методы. М., 1997.
10. Карасик В.И., Языковой круг: личность, концепт, дискурс: Монография. 2 изд. М.: Гнозис, 2004. – с.89.